

Жалағаш ауданы бойынша коммуналдық қалдықтардың түзілу және жинақталу нормаларын есептеудің қағидаларын бекіту туралы

Қызылорда облысы Жалағаш ауданы әкімдігінің 2022 жылғы 17 маусымдағы № 135 қаулысы

Қазақстан Республикасы Экология Кодексінің 365-бабы 4-тармағының 6) тармақшасына сәйкес Жалағаш ауданының әкімдігі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. Осы қаулының қосымшасына сәйкес қоса беріліп отырған Жалағаш ауданы бойынша коммуналдық қалдықтардың түзілу және жинақталу нормаларын есептеудің қағидалары бекітілсін.

2. "Жалағаш аудандық тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі" коммуналдық мемлекеттік мекемесі, Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіпте, осы қаулыны ресми жарияланғаннан кейін оның Жалағаш ауданы әкімдігінің интернет-ресурсында орналастырылуын қамтамасыз етсін.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау Жалағаш ауданы әкімінің жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.

4. Осы қаулы оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Жалағаш ауданының әкімі

А. Есжанов

Жалағаш ауданы әкімдігінің

2022 жылғы "17" маусымдағы

№ 135 қаулысына қосымша

Жалағаш ауданы бойынша коммуналдық қалдықтардың түзілу және жинақталу нормаларын есептеудің қағидалары

1-тaraу. Жалпы ережелер

1. Осы Жалағаш ауданы бойынша коммуналдық қалдықтардың түзілу және жинақталу нормаларын есептеудің қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) "Коммуналдық қалдықтардың түзілу және жинақталу нормаларын есептеудің үлгілік қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Экология, геология және табиғи ресурстар министрінің 2021 жылғы 1 қыркүйектегі № 347 бұйрығына сәйкес әзірленді және Жалағаш ауданында коммуналдық қалдықтардың түзілу және жинақталу нормаларын есептеудің тәртібін айқындайды.

2. Коммуналдық қалдықтар деп мынадай тұтыну қалдықтары түсініледі:

1) өзгелермен қатар қағаз бен картонды, шыныны, металдарды, пластмассаны, органикалық қалдықтарды, сүректі, тоқыманы, қаптаманы, пайдаланылған электр және

электрондық жабдықтарды, батареялар мен аккумуляторларды қоса алғанда, үй шаруашылықтарының аралас қалдықтары мен бөлек жиналған қалдықтары;

2) егер аралас қалдықтар және басқа көздерден бөлек жиналған қалдықтар өзінің сипаты мен құрамы бойынша үй шаруашылықтарының қалдықтарына үқсас болса, осындай қалдықтар.

Коммуналдық қалдықтарға өндіріс, ауыл шаруашылығы, орман шаруашылығы, балық аулау, септиктер мен көріз желілері, сондай-ақ сарқынды судың тұнбасын қоса алғанда, тазарту құрылыштары қалдықтары, пайдаланудан шығып қалған көлік қуралдары немесе құрылым қалдықтары кірмейді.

Тұтыну қалдықтарына адамның тыныс-тіршілік әрекеті нәтижесінде түзілген қалдықтар, өзінің тұтыну қасиеттерін толық немесе ішінара жоғалтқан өнімдер және (немесе) бұйымдар, олардың қаптамасы және агрегаттық жай-күйіне қарамастан жарамдылық не пайдалану мерзімі біткен, сондай-ақ меншік иесі өз бетінше физикалық түрде құтылған не тұтыну қалдықтарының қатарына құжатпен аударған өзге де заттар немесе олардың қалдықтары жатады.

3. Коммуналдық қалдықтардың қауіпті құрауыштары (электрондық және электр жабдықтар, құрамында сынап бар қалдықтар, батарейкалар, аккумуляторлар және өзге де қауіпті құрамдастар) бөлек жиналуға және арнайы бейімделген кәсіпорындарға қалпына келтіруге берілуге тиіс.

2-тaraу. Коммуналдық қалдықтардың түзілу және жинақталу нормаларын есептеу тәртібі

4. Коммуналдық қалдықтардың түзілу және жинақталу нормалары тұрғын үй қорының барлық объектілері, тұрғын емес үй-жайлар үшін жеке-жеке белгіленеді.

5. Коммуналдық қалдықтардың түзілу және жинақталу нормалары осы Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес тұрғын үй қорының барлық объектілері үшін және тұрғын емес үй-жайлар бойынша анықталады.

6. Коммуналдық қалдықтардың түзілу және жинақталу нормалары кейіннен есептік бірлікке жинақталу көлемін кейін есептей отырып, заттай өлшеу жүргізу жолымен анықталады.

7. Заттай өлшеулер жүргізу үшін көріктендіру әртүрлі деңгейі бар екі үлгідегі тұрғын үй қорының объектілері бөлінеді:

1) тұтынушыларға коммуналдық қызметтерді ұсыну үшін пайдаланылатын үйішлік инженерлік коммуникациялары мен жабдықтары бар жайлы тұрғын үй;

2) тұтынушыларға коммуналдық қызмет көрсету үшін пайдаланылатын үйішлік инженерлік коммуникациялары мен жабдықтары жоқ жайлы емес тұрғын үй.

8. Халықтан түзілетін коммуналдық қалдықтардың түзілу және жинақталу нормаларын айқындау үшін тұрғын халықтың мынадай саны бар учаскелер бөлінеді:

тұрғындарының саны 300 мың адамға дейінгі елді мекендерде участекелер абаттандырудың әрбір түрі бойынша тұрғындардың жалпы санының 2%-ын қамти отырып таңдалады.

9. Таңдал алынған объектілерде өлшеу жүргізу алдында "Жалағаш аудандық тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі" коммуналдық мемлекеттік мекемесі (әрі қарай – ТҮКШ бөлімі) коммуналдық қалдықтарды жинау мен шығаруды жүзеге асыратын ұйымдармен бірлесіп, осы Қағидаларға 2-қосымшаға сәйкес нысандар бойынша тұрғын қоры мен тұрғын емес үй-жайлардың коммуналдық паспортын жасайды.

10. Тұзілген және жинақталған коммуналдық қалдықтардың массасы мен көлемін анықтау үшін өлшеу сыйғышы мен салмақ өлшеу жабдығы пайдаланылады.

11. Өлшеу алдында контейнердегі қалдықтар коммуналдық қалдықтарды жинау мен шығаруды жүзеге асыратын ұйыммен теңестіріледі және өлшеу сыйғышының көмегімен қалдықтардың көлемі анықталады.

12. Жинақталған қалдықтардың массасы толтырылған контейнерлерді өлшеу және коммуналдық қалдықтарды жинау мен шығаруды жүзеге асыратын ұйымның бос контейнердің массасын одан әрі шегеру жолымен айқындалады.

13. Бір участеде тұзілген және жинақталған қалдықтардың жалпы көлемі арнағы техниканың (қоқыс тасығыштың) шанағын толтырған және басқа участекелерден қоқысты тиеу мүмкін болмаған кезде, қалдықтардың массасын қоқыс тиелген және бос машиналарды автомобиль таразысында өлшеу жолымен анықтауға жол беріледі.

14. Тұзілген және жинақталған қалдықтардың массасы мен көлемі жөніндегі деректерді ТҮКШ бөлімі Қағидаларға 3-қосымшаға сәйкес нысан бойынша бастапқы жазба бланкісіне енгізеді.

15. Өлшеу бойынша бастапқы материалдарды өндегеннен кейін әрбір объектінің алынған деректері (массасы, көлемі) аптаның күндері бойынша қосылады және ТҮКШ бөлімі Қағидаларға 4-қосымшаға сәйкес нысан бойынша коммуналдық қалдықтардың түзілуі мен жинақталуының жиынтық маусымдық ведомосына енгізеді.

16. Маусымдық өлшеулер жүргізілгеннен кейін ТҮКШ бөлімі осы Қағидаларға 5-қосымшаға сәйкес нысан бойынша коммуналдық қалдықтардың түзілуі мен жинақталуының жиынтық жылдық ведомосына деректерді (масса, көлем) енгізеді.

17. Белгілі бір объекті бойынша өлшеу болжанып отырған коммуналдық қалдықтарды жинағанда басқа объектілердің коммуналдық қалдықтары араласып кетпеуге.

18. Қалдықтардың жинақталуын анықтаған кезде бірдей сыйымдылықтағы стандартты контейнерлер пайдаланылады. Қалдықтарды барынша толық есепке алу және біркелкі емес түзілу мен жинақталу коэффициентін анықтауға қосымша контейнерлер орнату көзделеді, оларды орнату қажеттілігі мен олардың саны таңдал алынған участекелерді тексерген кезде нақтыланады.

Барлық контейнерлер толығымен тазалануы керек:

- 1) күн сайын әкету кезінде – өлшеу басталғанға дейін бір тәулік бұрын;
- 2) кесте бойынша әкету кезінде күн сайын – кесте бойынша әкетудің соңғы күні өлшеу аптасының алдында.

19. Өлшеу басталғанға дейін бір тәулік бұрын коммуналдық қалдықтарды жинау мен шығаруды жүзеге асыратын үйым барлық контейнерлерді толық тазартуы тиіс.

20. Өлшеу бойынша бастапқы материалдарды өндеде олар жүргізілгеннен кейін келесі жұмыс күнінен кешіктірілмей жүргізіледі.

3-тарау. Коммуналдық қалдықтардың түзілу және жинақталу нормаларын есептеу

21. Коммуналдық қалдықтардың түзілу және жинақталу нормаларын есептеу былайша жүргізіледі:

1) бір тәулікте объектіде коммуналдық қалдықтарды жинақтауға арналған бір контейнерде түзілген және жинақталған қалдықтардың көлемін анықтау ($V_{конт.}$, m^3):

$$V_{конт} = h \times S$$

мұндағы h - контейнердің түбінен бастап жинақталған коммуналдық қалдықтардың жоғарғы нұктесіне дейінгі биіктік, м;

$$S - контейнер түбінің алаңы, m^2;$$

2) контейнерлік аланда коммуналдық қалдықтардың түзілуі мен жинақталуының жалпы көлемін анықтау ($V_{тәу.}$, m^3), егер контейнерлік аланда коммуналдық қалдықтарды жинақтауға арналған контейнерлердің саны бірден артық болса:

$$V_{тәу} = V_{конт1} + V_{конт2} + V_{конт3} \dots$$

мұндағы $V_{конт1}$, $V_{конт2}$, $V_{конт3}$ – контейнерлік аланда орналасқан әрбір контейнер бойынша коммуналдық қалдықтардың түзілуі мен жинақталуының тәуліктік көлемі. Есептеу контейнерлік аланда орналасқан контейнердің санына байланысты жүргізіледі;

3) коммуналдық қалдықтарды жинақтауға арналған контейнерде жинақталған коммуналдық қалдықтардың тәуліктік массасын анықтау (т $конт.$, кг) мынадай формула бойынша жүргізіледі:

$$тконт = т_3 - т_п$$

мұндағы $т_3$ – қалдықтар тиелген контейнердің массасы, кг;

$т_п$ – қалдықтардан бос контейнердің массасы, кг;

4) объектіде түзілген коммуналдық қалдықтардың тәуліктік массасын анықтау (т $тәу.$, кг) мынадай формула бойынша жүргізіледі:

$$ттәу = тконт1 + тконт2 + тконт3 \dots$$

мұндағы т $конт1$, т $конт2$, т $конт3$ - контейнерлік аланда орналасқан әрбір контейнер бойынша коммуналдық қалдықтардың тәуліктік массасы. Есептеу контейнерлік аланда орналасқан контейнерлердің санына байланысты жүргізіледі;

5) өлшеулер контейнерлік алаңдан қалдықтарды шығарғанға дейін тәуліктің бір уақытында жүргізіледі. Өлшеулерді жүргізу кезеңі: жеті күн (үзіліссіз).

Өлшеулерді жүргізу мерзімдері: қыс-желтоқсан, қантар, ақпан; көктем-наурыз, сәуір, мамыр; жаз-маусым, шілде, тамыз; күз-қыркүйек, қазан, қараша.

Маусымдық кезең ішінде объектіде түзілген коммуналдық қалдықтардың көлемін анықтау (V_{maus} , м³) мынадай формула бойынша жүргізіледі:

$$V_{maus} = V_{t\theta u1} + V_{t\theta u2} + \dots + V_{t\theta u7}$$

мұндағы $V_{t\theta u1}$, $V_{t\theta u2}$ – белгілі бір маусымда әр тәулік ішінде объектіде пайда болған коммуналдық қалдықтардың көлемі;

6) маусымдық кезең ішінде объектіде пайда болған коммуналдық қалдықтардың көлемін анықтау ($tmaus$, кг) мынадай формула бойынша жүргізіледі:

$$tmaus = t_{t\theta u1} + t_{t\theta u2} + \dots + t_{t\theta u7}$$

мұндағы $t_{t\theta u1}$, $t_{t\theta u2}$ – белгілі бір маусымда тәулік ішінде объектідегі коммуналдық қалдықтардың массасы;

7) объектіде коммуналдық қалдықтардың түзілу көздерінің санынан коммуналдық қалдықтардың тәуліктік орташа маусымдық нормасын анықтау мынадай формула бойынша жүргізіледі:

көлемі бойынша (V_{tm} , м³):

$$V_{tm} = V_{maus} / (n \times a)$$

массасы бойынша (t_{tm} , кг):

$$t_{tm} = tmaus / (n \times a)$$

мұндағы n - маусымдық кезең ішінде бақылау тәулігінің саны;

a – есептік бірліктің саны.

8) объектіде есептік бірлікке коммуналдық қалдықтардың тәуліктік орташа жылдық нормасын анықтау мынадай формула бойынша жүргізіледі:

көлемі бойынша (V_{toj} , м³):

$$V_{toj} = (V_{ktm} + V_{kktm} + V_{kjtm} + V_{kutm}) / n$$

массасы бойынша (t_{toj} , кг):

$$t_{toj} = (t_{ktm} + t_{kktm} + t_{kjtm} + t_{kutm}) / n$$

мұндағы жоғарғы индекстер "қ", "к", "ж", "кү" – қыста – "қ", көктемде – "к", жазда – "ж", күзде "кү" – есептік бірлікте тиісінше қалдықтар пайда болуының тәуліктік орташа маусымдық нормативтерін білдіреді;

n – қалдықтар пайда болған маусымның саны ($n=4$).

9) Объектіде есептік бірлікте коммуналдық қалдықтардың пайда болуымен жинақталуының жылдық нормасын анықтау мынадай формула бойынша жүргізіледі:

көлемі бойынша ($V_{ж}$, м³):

$$V_{ж} = V_{toj} \times n_k$$

массасы бойынша ($t_{ж}$, кг):

$$t_{ж} = t_{toj} \times n_k$$

мұндағы нк – жылдағы күннің саны.

22. Коммуналдық қалдықтардың орташа тығыздығын анықтау, коммуналдық қалдықтардың түзілуі мен жинақталуының маусымдық және тәуліктік біртекті емес коэффициентін анықтауға қосымша мынадай есеп жүргізіледі:

1) коммуналдық қалдықтардың орташа тығыздығын анықтау ($\text{дор, кг}/\text{м}^3$) мынадай формула бойынша жүргізіледі:

$$\text{дор} = \frac{m}{V},$$

мұндағы m және V - есептік бірлікте тиісінше массасы мен көлемі бойынша коммуналдық қалдықтардың түзілуі мен жинақталуының жылдық немесе орташа маусымдық нормативтері;

2) коммуналдық қалдықтардың түзілуі мен жинақталуының маусымдық біртекті емес коэффициентін (K_{be}) анықтау мынадай формула бойынша жүргізіледі:

көлемі бойынша:

$$k_{be} = \frac{V_{tm}}{V_{kj}}$$

массасы бойынша:

$$k_{be} = \frac{m_{tm}}{m_{kj}}$$

3) коммуналдық қалдықтардың түзілуі мен жинақталуының тәуліктік маусымдық біртекті емес коэффициентін анықтау мынадай формула бойынша жүргізіледі:

көлемі бойынша:

$$k_{mb} = \frac{V_{max.t}_{\text{e}}}{V_{tm}}$$

мұндағы $V_{max.t}_{\text{e}}$ – маусымда объектідегі коммуналдық қалдықтардың түзілуі мен жинақталуының ең жоғарғы тәуліктік көлемі, м^3

массасы бойынша:

$$k_{ch} = \frac{m_{max.t}_{\text{e}}}{m_{tm}}$$

мұндағы $m_{max.t}_{\text{e}}$ – маусымда объектідегі коммуналдық қалдықтардың түзілуі мен жинақталуының ең жоғарғы тәуліктік массасы, кг.

23. Накты және есептік жылдық көлемді салыстыру үшін коммуналдық қалдықтардың пайда болуы мен жинақталуының есептік бірлікте белгіленген жылдық нормативтері есептік бірліктің санына көбейтіледі. Алынған коммуналдық қалдықтардың түзілуінің есептік жылдық көлемінің айырмасы олардың дәл сол объектіде бір жыл ішінде нақты жинақталуының бес пайызынан аспауға тиіс. Есепті және нақты деректерде бес пайыздан артық айырма болған жағдайда коммуналдық қалдықтардың түзілуінің сараланған нормативтері олар түзілетін негізгі объектілер бойынша талап етілген қателіктермен нәтижеге шыққанға дейін түзетіледі.

Жалағаш ауданы бойынша
коммуналдық қалдықтардың
түзілу және жинақталу нормаларын
есептеудің үлгілік қағидаларына 1-
қосымша

Тұрғын үй қоры мен тұрғын емес үй-жайлар объектілерінің тұрлери

№	Коммуналдық қалдықтар жинақталатын объектілер	Есептік бірлік
1	Жайлы және жайлы емес үйлер	1 тұрғын
2	Жатақханалар, интернаттар, балалар үйлері, қарттар үйлері және сол сияқтылар	1 орын
3	Қонақ үйлер, санаторийлер, демалыс үйлері	1 орын
4	Балабақшалар, бөбекжай және басқа да мектепке дейінгі мекемелер	1 орын
5	Мекемелер, ұйымдар, оғистер, кенселер, банктер, байланыс бөлімшелері	1 қызметкер
6	Емханалар, медициналық орталықтар	1 келіп кету
7	Аурұханалар, өзге де емдеу-сауықтыру мекемелері	1 төсек-орын
8	Мектептер және өзге де окуорындары	1 оқушы
9	Мейрамханалар, дәмханалар, басқа да көніл көтеретін ғимараттар және қоғамдық тамактану мекемелері	1 отыратын орын
10	Театрлар, кинотеатрлар, концерт залдары, тұнгі клубтар, ойынханалар, ойын автоматтарының залы, интернет-кафелер, компьютерлік клубтар	1 отыратын орын
11	Мұражайлар, көрмелер	Жалпы алаңы 1 м ²
12	Стадиондар, спорт алаңдары	Жоба бойынша 1 орын
13	Спорт, би және ойын залдары	Жалпы алаңы 1 м ²
14	Азық-түлік, өнеркәсіптік тауар дүкендері, супермаркеттер	сауда алаңы 1 м ²
15	Машиналардан сату	сауда орнының 1 м ²
16	Базарлар, сауда павильондары, дүңгіршектер, сөрелер	Сауда алаңы 1 м ²
17	Өнеркәсіптік, азық-түлік тауарларының көтерме базалары, коймалары	Жалпы алаңы 1 м ²
18	Тұрмыстық қызмет корсету үйі: халыққа қызмет көрсету	Жалпы алаңы 1 м ²
19	Вокзалдар, автовокзалдар, әуежайлар	Жалпы алаңы 1 м ²

20	Жағажайлар, жолдардан көше сметалары	Жалпы алаңы 1 м ²
21	Дәріханалар	Сауда алаңы 1 м ²
22	Автотұрактар, автомобильді жуу орындары, АЖС	1 машина-орын
23	Автомобиль шеберханалары	1 жұмысшы
24	Гараж кооперативтері, гараждар, паркингтер	1 гаражға
25	Шаштараздар, косметикалық салондар	1 жұмыс орны
26	Kір жуатын орындар, химиялық тазалау орындары, тұрмыстық техниканы жөндеу орындары, тігін ательесі	Жалпы алаңы 1 м ²
27	Зергерлік, аяқ күймі, сағаттарды жөндеу шеберханалары	Жалпы алаңы 1 м ²
28	Кішігірім жөндеу және қызмет көрсету орындары (кілттер жасау және сол сияқтылар.)	1 жұмыс орны
29	Моншалар, сауналар	Жалпы алаңы 1 м ²
30	Аудан аумағында жаппай іс-шаралар ұйымдастыратын занды, саябақ қалдықтары	1000 қатысушы
31	Бау-бакша кооперативтері	1 участке

Жалағаш ауданы бойынша
коммуналдық қалдықтардың
түзілу және жинақталу нормаларын
есептеудің үлгілік қағидалары 2-

қосымша

Нысан

Тұрғын үй қоры объектісінің коммуналдық паспорт

Елді мекен, аудан, облыс _____

1. Мекенжайы _____

2. Қабаттылығы _____

3. Үйдің нөмірі _____

4. Тұрып жатқан адамдардың саны, адам _____

5. Жайлыштың деңгейі: _____

а) су құбырының, газдың, кәріздің болуы _____

б) жылу беру түрі (орталықтан, пешпен, жергілікті) _____

в) отынның түрі - көмір (тас көмір, қоңыр темір), ағаш отын, газ _____

г) қоқыс құбырының болуы _____

д) аула аумағының алаңы, м² _____

жасыл екпелер бар _____

жабыны қатты _____
оның ішінде жаяусоқпақтар _____
6. Контейнерлердің түрі, олардың саны және сыйым дылығы _____
7. Қалдықтарды шығару кезеңділігі _____
8. Тамақ қалдықтары мен қайталама шикізатты бөлек жинау жүргізілеме (қандай және қанша) _____
9. Қайталама шикізатты шығару кезеңділігі _____

10. Тамақ қалдықтарын шығару кезеңділігі _____
11. Қауіпті қалдықтарды бөлек жинау жүргізіле ме (қандай және қанша фракция) _____

Қолдары: Т.А.Ә. (болған жағдайда), лауазымы

Нысан

Тұрғын емес үй-жайлар объектілерінің коммуналдық паспорты

Елді мекен, аудан, облыс _____
1. Объектінің атауы _____
2. Мекенжайы _____
3. Жапсарлас салынған немесе жеке тұрған (соңғысының қабатын көрсету қажет) _____
4. Есеп айрысу бірліктерінің саны (қызметкерлер және т. б.) _____
5. Тәулігіне өткізу қабілеті: _____
ойын-сауық кәсіпорындары үшін (орын саны) _____
қоғамдық тамақтану кәсіпорындары үшін (тағам түрі) _____
6. Қызмет көрсететін персоналдың саны, адам _____
7. Үй-жайдың жалпы алаңы, м² _____
сауда алаңы _____
қоймалық және қосалқы алаң _____
8. Аула аумағының алаңы, м² _____
жасыл екпелер бар _____
жабын қатты _____
9. Контейнерлердің типі, олардың саны және сыйымдылығы _____
10. Қалдықтарды шығару кезеңділігі _____
11. Тамақ қалдықтары мен қайталама шикізатты бөлек жинау жүргізіле ме (қандай және қанша) _____
12. Қайталама шикізатты шығару кезеңділігі _____

13. Тамақ қалдықтарын шығару кезеңділігі _____

14. Қауіпті қалдықтарды бөлек жинау жүргізіле ме (қандай және қанша фракция) __

Колдары:

Т.А.Ә. (болған жағдайда), лауазымы

Жалағаш ауданы бойынша
коммуналдық қалдықтардың
түзілу және жинақталу нормаларын
есептеудің үлгілік қағидаларына 3-
көсімшама
Формасы

Бастапқы жазба бланкісі

_____ (күні) _____ объектісі бойынша (атауы, мекенжайы)

Контеинердің р/с №	Жиналған калдықтар қабатының білктігі, h, м	Контеинер негізінің алаңы, S, м ²	Контеинердегі калдықтарды н көлемі, V, h *S, м ³	Калдықтар тиелген контеинердің массасы (коқыс тасығыш), тз, кг	Б о с контеинердің массасы (коқыс тасығыш), тп , кг	Контеинердегі калдықтарды н массасы, тконт, тз - тп
1						
2						
...						
Тәулік ішіндегі жыны			Vтәу			Mтәу

Жалағаш ауданы бойынша
коммуналдық қалдықтардың
түзілу және жинақталу нормаларын
есептеудің қағидаларына 4-косымша
Нысан

Объектілердің топтары бойынша коммуналдық қалдықтардың түзілу мен жиналудының жиынтық айлық (маусымдық) ведомосі

20 жылғы бастап дейін Жайлылық типі

Дүйсенбі												
Сейсенбі												
Сәрсенбі												
Бейсенбі												
Жұма												
Сенбі												
Жексенбі												
Тәулігін е орташа												

Қолдары: Т.А.Ә. (болған жағдайда), лауазымы

Жалағаш ауданы бойынша
коммуналдық қалдықтардың
түзілу және жинақталу нормаларын
есептеудің қағидаларына 5-көсімшама
Нысан

Коммуналдық қалдықтардың түзілуі мен жинақталуының жиынтық жылдық ведомосі

Жайлыштық типі

Объект	Ай	Өлшенетін бірліктің саны	Қалдықтардың жиналуды				Біртекті емес коэффициент	Бөлек жинау, кг				
			жапы		1 өлшенетін бірлікке			жапы		1 өлшенетін бірлікке		
			М ³	кг	М ³	кг		М ³	кг	М ³	кг	
1	2	3	4	5	6	7	8	9	10	11	12	13

Барлығы

Тәулігіне орташа

Қолдары: Т.А.Ә. (болған жағдайда), лауазымы